



Газетке жазылып,
iPhone ұтып ал!

Жұмыс сапары

ТЕРІСКЕЙГЕ БЕТ ТҮЗЕГЕН КӨШ

ТОҚТАМАУЫ ТИІС

Өңірімізге жұмыс сапарымен келген Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов көші-қон мәселесі жөнінде жиын өткізіп, аталған саладағы түйткілдерді шешу, теріскейге қандастар мен оңтүсік, батыс облыстардың тұрғындарын көшіру жолдарын талқыға салды. Жиынға «Аманат» партиясы партиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Абай Тасболатов, өңірдегі мемлекеттік орган басшылары, аудан, ауылдық округ әкімдері, қаржы институттары мен кәсіпорын жетекшілері қатысты.

Жиын еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаевтың баяндамасымен басталды. Министрлік өкілінің сөзінше, өңірде соңғы бес жыл бойы көші-қонның теріс сальдосы байқалған. Осының салдарынан еңбек ресурсы азайған.

«Көші-қон саясатының негізгі мақсаты – оңтүстік және солтүстік өңірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті азайту, еңбек ресурстарын толықтыру, теріскейге халық ағынын арттыру. Қабылданған шаралар нәтижесінде өңірдегі теріс көші-қон көрсеткіші төрт есеге дейін азайды.

(Жалғасы 3-бетте)

Әлеумет және әкім

АУДАНДАҒЫ АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов жұмыс сапарымен Қызылжар ауданында болып, бірқатар нысандарды аралады. Ауданда инвестициялық жобалар белсенді жүзеге асырылып, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту қарқынды жүргізілуде. Жыл басынан бері 6 инвестициялық жоба іске қосылды. Барлығы 25 млрд. теңгеден асатын 10 озық жоба пайдалануға берілмек.

Ғауез Торсанұлы Бескөл кентінде тұрғызылып жатқан 50 пәтерлі тұрғын үйді аралап көрді. 956 млн. теңгенің жобасы «Отбасы банк» арқылы қаржыландырылған. Бұл тұрғын үй әлеуметтік жағынан осал тұрғындарға арналған.

Өңірде кран-балка өндіретін жалғыз зауыт та осы ауданда орналасқан. «RM Stone» ЖШС екі жылдан бері жүк көтергіш құрылғыларды, металл конструкцияларды және құйма бұйымдар шығарып келеді.

(Жалғасы 3-бетте)



ҮЙДЕГІДЕЙ
ДӘМДІ

→ 4



ҚАЙДА БАРА
ЖАТЫРМЫЗ?

→ 7

KERЕК DEREK

Елімізде пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 1994 жылғы 2,3 млн. шаршы метрден 2024 жылы 19,1 млн. шаршы метрге дейін өсті. Бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі 2001 жылғы 16,3 шаршы метрден 2024 жылы 24,5 шаршы метрге дейін артты. 1994 жылдан бері 11 мың шақырымнан астам автомобиль жолы мен 5,2 мың шақырым темір жол салынды. Соңғы 30 жылда 2 мыңнан астам мектеп тұрғызылды.

Жағымды жаңалық



ТАЗА АУЫЗСУ — ӘР ҮЙГЕ

Қызылжар өңірінде 88 ауылды орталықтандырылған тіршілік көзімен қамтитын 4 сорғы стансасы пайдалануға берілді. Тайынша ауданында өткен топтық су құбырлары мен ауылыштық су желілерін іске қосу салтанатты рәсіміне Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов қатысты.

Үкіметтің қолдауымен, Су ресурстары және ирригация министрлігінің жергілікті атқарушы органдармен бірлескен жұмысының арқасында жүзеге асқан жоба өңір үшін аса маңызды.

—Өңірімізде сумен жабдықтау саласында-

ғы жобаларды іске асыруға 74 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді, оның ішінде 45 миллиард теңгесі қайтарылған активтер есебінен қарастырылды», — деді өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов.

(Жалғасы 3-бетте)

Tolğandyrar taqyryp



Көптен бері айтылып жүрсе де, ащы ішектей созылып, шешімін таппай келе жатқан «бас аурудың» бірі – жол. Елді мекендерді бір-бірімен байланыстырып, қыж-қыж қайнаған тынымсыз тіршілікке өшпес нәр беріп жатқан күре жолдардың қадір-қасиетін оның бейнетін тартып жүрген ауылдықтардан артық ешкім біле қоймас. Әсіресе жауынды, боранды күндері қатынау азаппен тең. Қызылжар өңірінде күрмеуі тарқатылмаған осынау өзекті проблеманы шешу үшін қыруар қаржы бөлінгенімен, көп жерлерде жолдың сапасы адам төзгісіз.

(Жалғасы 7-бетте)